



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 09/497

03 марта 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІМЕН! С МЕЖДУНАРОДНЫМ ЖЕНСКИМ ДНЁМ!

#### Құрметті әйелдер қауымы!

Құрметті ақ жаулықты әжелер, ардақты аналар, қарақөз қарындастар! Сіздерді жыл мезгілінің ең көрікті де қуанышты мезгілі көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұрға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі.

Алаштың ұлтжанды азаматтары, ұлттың да, ұрпақтың да бесігін түзейтін, тілімізді де, дінімізді де, ана сүтімен санаға сіңіретін, қазақты тәрбиелейтін қыздарымыз. "Бәрі де адамның өз қолында, ал адам әйелдің алақанында" деген сөз әлемді билейтін де, тербейтін де әйел екенін білдіреді.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне асыл аналарымыздың өлшеусіз үлес қосқандығы ақиқат.

#### Аяулы Ханымдар!

Көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әрдайым әдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін деп тілейміз.

Отбасыларыңыз бен өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілейміз. Өңір халқының әл-ауқатын жақсарту жолында атқарып жатқан еңбектеріңізде табыстарға жетіп, үлкен биіктерден көрінулеріңізге шын жүректен тілектеспіз.

Құрметпен;  
Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков

#### Уважаемые женщины!

Наступил самый долгожданный праздник весны - Международный женский день! Этот яркий, солнечный праздник как нельзя лучше отражает прекрасные женские качества – открытость и внимание к окружающим. Женщина – воплощение заботы, ласки, доброты и душевного тепла – того, чем вы не устаете делиться с окружающими в течение всей жизни.

Трудолюбие, мудрость и терпение Казахстанских женщин всегда вызывают восхищение. Несмотря на то, что издавна женщина считается хранительницей домашнего очага, сегодня Вы наравне с мужчинами делаете успешную карьеру, добиваетесь невероятных успехов в политике, бизнесе, науке и спорте, по-деловому конструктивно и принципиально решаете многие вопросы государственного значения.

Хотим поблагодарить представительниц прекрасной половины человечества за неустанный труд, любовь и материнскую заботу, преданность и душевное благородство.

#### Дорогие дамы!

От чистого сердца хотим поздравить Вас с этим прекрасным весенним праздником, и желаем Вам крепкого здоровья, красоты, счастья, радости!

Всегда украшайте нашу жизнь, дарите тепло, доброту и свет в наши сердца, и за это мы всегда будем Вас уважать, любить, ценить!

С Уважением;  
Акима города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков

#### 8-наурыз – Әйел-қыздардың халықаралық мерекесі

### АҚ ЖЕЛЕҢДЕ 35 ЖЫЛ

Ақ желеңнің қымтана киініп, емханаға келушілерге қалтқысыз қызмет етіп жүретін және олардың науқастан күйзеліске түскен жандарына жалау бола білетін мейірбикелердің жұмысының аса қиындығын екінің бірі біле бермейді. Бұл ақ желеңді абзал жандар мектепті бітіріп, мейірбикелік қызметке қызығушылықпен медициналық оқу орнына барғанда аталмыш қызметтің ауырлығын біле де қоймаған шығар. Дегенмен, колдарына диплом алып, өз міндеттеріне кіріскен соң, осы саланың ыстық-суығына біржолата кірісіп кетеді. Бұдан әрі алдарынан не кездесе де бәріне шыдауларына тура келеді. Медицина саласында ұзақ жылдардан бері қызмет етіп жүрген және медициналық қызметке мұқтаж қала тұрғындарының құрметіне бөленген ақ желеңді абзал арулар мен аналар біздің қаланың орталық ауруханасында да жетіп артылады. Солардың бірі жайлы атап өтер болсақ, ол Тойжан Әлімханқызы Әлменова. Осы салада аттай 35 жылын өткерген Т.Әлімханқызы бүгінде үлкен тәжірибеге ие мейірбике.

Тойжан Әлменова Өзбекстан Республикасы Науан облысына қарасты Кенімех ауданының Қарақата ауылында туып-өскен. Осы ауылдағы орта мектепті 1978-жылы бітірісмен, өзінің қалауы түскен Бухара қаласындағы Әбу Әли Ибн Сино атындағы әйгілі медициналық техникумға құжаттарын тапсырып, студент атанады. Қызының бұл қалауын марқұм анасы да қатты қолдап, өз тарапынан көмек көрсеткен. Бұл оқу орнының ұзақ жылдық тарихы бар, кеңестік кезеңнің өзінде абырой-беделі жоғары болды. Студенттерге қатаң талап қоятын және соған сай білім де беретін. Бұл жерде оқу абыройлы іс әрі жауапкершілікті талап ететін. Соның арқасында терең біліп алып, өз салаларының қыры мен сырына қанығып, мамандықтарын жақсы меңгеруге қол жеткізген.

Техникумды жақсы оқып, бітірген соң қайда баруы қажеттігі талап етілгенде де ол өзінің туған ауылын таңдады. Ол кезде ауылдық жерлерде медицина мамандығына қажеттілік әлі де жетерлік еді. Жергілікті ауылдық амбулаториялық аурухана ұжымы ауылдарынан шыққан жас маманды жатсынбай,



құшақ жайып қарсы алды. Қагілез қыз еңбек жолын білек сыбана бастап кеткен. Осы жерде жүріп өзі бұрыннан танытын, бір мектепті араға бір жыл салып бітірген өнерлі жігіт Әбдіраман Жүсіповпен махаббаттарын ұластырған болатын. Араға уақыт салып отау тікті және екеуі жас мамандар ретінде күйеуінің туған жеріне барып шаңырақтарын көтерген. Өміржолдасы ауылдық клубта бірнеше музыкалық аспапта ойнап, ән салып ауыл өнерін дамытуға атсалысса, өзі Ауылдық Амбулаториялық ауруханаға еңбек қазығын қадады. «Ағаш бір орнында көгереді» демекші, осы ауылда олар да көгеріп-өсіп, жетілді. Ұлдары Нұркен және қыздары Көркем мен Меруерт дүниеге келді. Сол бір заманда тойларда ансамбльдер ойнатылып, сәнге айналғанда Әбдіраман «Рауан» ВИА-ін құрып, жетекшілік етті және ауыл арасын біраз уақыт дүркіретті. Қойлы ауылдарға өнер сапарымен шығып, оларға тиесілі барлық қызмет түрлерін көрсетіп тұратын. Аудандық, облыстық өнер байқауларында жеңімпаз атанып жүрді. Ол да бір есте қалатын, қызығы мен шыңығы көп жастық дәурен болыпты.

Кенестік заманның дәуірі бітіп, қабырғасы сөгілген тұс бұларға да біраз ауыртпалық әкелген еді. Бұдан әрі бұл жақта

#### Оқырмандар шығармашылығы

#### Творчество читателей

### АРДАҚТАЙЫҚ АНАЛАРДЫҢ ЕСІМІН

*Жүздерінде арайы бар ақ таңның,  
Балбөбекті аналардай баптар кім?  
Бұл өмірге адамзатты әкелген,  
Мақтансаңдар, Аналармен  
мақтанғын.*

*Ана деген – майыспайтын  
шынарсың,  
Бала жанын өзің ғана ұғарсың.  
Тірлігінде сөзан сыйла барыңды,  
Шын пейілден Ана жаны қуансын.*

*Дуниенің ашқан бізге есігін,  
Таңды атырып тербететін бесігін.  
Махаббаты бар ғаламға жететін,  
Ардақтайық аналардың есімін.*

*Бір басына жететұғын тірлігі,  
Шаңырақтың берекесі, бірлігі.  
Ана деген – қайыспайтын Аруана,  
Табиғаттың құпиялы бір гүлі.*

*Аналардың қуанышын шектеме,  
Жетер оның мейірімі көкке де.*

*Өтелмейді аналардың парызы,  
Үш апарып, әкелсек те Меккеге!  
Көктем келсе құлпырады дала да,  
Ана-көктем- егіз ұғым санада.  
Екеуі де құдіретті ұлы күш,  
Қарыздармыз мәңгі-бақи Анаға!*

Нұрғали  
ҚАРАБЕКТЕГІ

\*\*\*

*Ушла зима, и солнышко все чаще  
Лучами греет потемневший снег...  
Под звук капель,  
под окном везнящей,  
Поздравим с Восьмым Марта  
женщин всех.*

*Без вас весна была бы очень  
грустной,  
Без вас бы наши были дни мрачны...*

*Вы очень виртуозно и искусно  
Украсили собою дни весны.*

*Да что весна? В любое время года  
Вы – лучшие! Сказать пришла пора:  
Вас, дорогие, создала природа  
Для счастья, для любви и для добра!*

Автор: Андрей  
Шадрин

қалудың ретін таппаған олар Қарағанды облысының Приозерск қаласына көшуге бел байлаған. Бұл жерде жақын туыскандары, таныс-біліс, дос-жарандары жасап жатқан. Міне, сол кезден бері жиырма жыл өмірлері осы қалада өтті. Балалары аяқтанып, немерелерін сүйді. Тойжан Әлімханқызы әлі де сол өзінің сүйікті қызметін атқарып жүр. Қазір ол емхананың жауапты әрі ауыр бөлімінде мейірбике болып істейді. Психонаркологиялық диспансерде мейірбике болудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жерге кез-келген жан шыдап жұмыс істей алмауы мүмкін. Т.Әлменованың мол тәжірибесі мен науқастармен тіл табыса алатын

сыпайы мінезі осы жерде тұрақтап қалуына ықпал етуде. Психонарколог дәрігер Қабылғазы Көшербайұлы Тойжанның қалтқысыз қызметін айрықша бағалап, жылы лебізін білдіріп отырады.

Өзі қалап киген ақ желеңімен саналы өмірінің 35 жылын артқа тастаған тәжірибелі мейірбикені әйел-қыздардың халықаралық мерекесімен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыттың баяндысын тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы  
тілшісі.

Суретте: Тойжан Әлменова.



## МЕМЛЕКЕТ «НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯСЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысының аймағына инженерлік коммуникацияны жеткізу үшін жыл сайын 80 млрд теңге бөлінеді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жәйімбетов хабарлады.



«Бағдарламаның негізгі бағыты – жеке тұрғын үй құрылысына қолдау көрсетуі. Азаматтарға жеке тұрғын үй құрылысына инженерлік-инфрақұрылымды дайындалған жер телімдері бөлінетін болады. Инфрақұрылымды салуды мемлекет қамтамасыз етеді.», - деді Мархабат Жәйімбетов.

«2017 жылдан бастап облыс орталықтарында жеке тұрғын үй құрылысының пилоттық жобасының іске асырылуы жоспар-

лануда. Бүгінгі таңда Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облыстары іске асыруға дайын», - деді Мархабат Жәйімбетов.

Мархабат Жәйімбетовтің айтуынша, мемлекет тарапынан тұрғын үй құрылысын және инфрақұрылымды дамытуға 438,7 млрд. теңге бөлінді. Ұлттық қордан 399,3 млрд. теңге, республикалық бюджеттен 16,6 млрд. теңге және Үкіметтің арнайы резервінен 22,8 млрд. теңге бөлінген.

## ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ МЕЖДУ ГОСУДАРСТВОМ И ОБЩЕСТВОМ

В Астане состоялась итоговая встреча Общенационального движения «Казахстан – 2050» по общественным обсуждениям проекта конституционной реформы по вопросам перераспределения полномочий между ветвями власти, озвученных Президентом РК в специальном обращении к гражданам страны.

Спикерами выступили: Маулен Ашимбаев, депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности; Марат Башимов, директор «Экспертный институт Европейского права и прав человека», доктор юридических наук; Дарига Курманова, исполнительный директор РОО «Казахстанский союз юристов», судья с 30-летним стажем; Аслан Тукиев, директор «Институт законодательства РК», кандидат юридических наук; Ерсан Оспанов, член Совета Общенационального движения «Казахстан-2050», независимый юрист; Мухтар Манкеев, Председатель Совета Общенационального движения «Казахстан-2050», директор компании «Finnish Business Hub».

В течение февраля общественные обсуждения проходили в ряде регионов. Итоговая встреча состоялась на площадке Службы центральных коммуникаций. Дискуссии про-

шли как в офлайн, так и в онлайн режимах.

По итогам проведенных дискуссий в городах страны, проанализировав рекомендации юристов, спикеры озвучили предложения по Проекту Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Конституцию РК».

Маулен Ашимбаев сказал, что депутаты готовы к новым полномочиям, и необходимо правильно выстроить государственную систему, на что и направлена конституционная реформа.

По словам М.Ашимбаева, и экономическая, и политическая реформы будут проходить одновременно. В системе государственного управления, основанной на положениях Конституции 1995 года, в течение 22 лет произошли огромные изменения. И модернизация – объективный закономерный процесс.

«Главное не уйти в кампанейщину», - сказал спикер. – После внесения изменений в Конституцию, реформы не завершатся. Надо вносить изменения в законы, обеспечить реализацию законов и адаптироваться в эти изменения».

В связи с этим Маулен Ашимбаев обозначил три ключевых задачи.

Первая – усилить систему сдержек и противовесов между ветвями государственной власти – нужно усилить полномочия законо-

дательной ветви власти, усилив Парламент и маслихаты ресурсным, аналитическим обеспечением. Парламент наделить контрольными полномочиями. Должен быть баланс между ветвями власти.

Вторая – обеспечить прозрачность деятельности государственных органов, министров, акимов.

Третья – должен быть четко сформулирован механизм Парламента в социально-экономическом блоке Мажилиса. Население должно формировать и законодательную, и исполнительную ветви власти. Система должна обеспечить власть народа.

Важную роль в работе системы государственного управления имеют маслихаты, отметил Марат Башимов. - Это первый государственный орган, куда обращается народ.

Дарига Курманова рассказала об активной работе юридического сообщества в общественных обсуждениях. «Во всех областях имеются филиалы, с регионов ежедневно поступают предложения как по Конституции, так и по другим законодательным актам. Мы собираем предложения, аккумулируем их, затем направляем в рабочую группу», - пояснила Д. Курманова.

Аслан Тукиев остановился на поправках в статью 26 Конституции Республики Казахстан. «Целесообразно внести ясность, то есть расписать в самой статье 26, либо дать ссылку на статью 6 Конституции РК, что это не касается земельного вопроса. Также необходимо

расписать либо разъяснить терминологию «имущество» и «собственность», - отметил спикер.

Ерсан Оспанов подчеркнул, что в регионах особо отмечается поддержка развития многопартийной системы. «Многопартийный Парламент – это замечательно, это залог того, что государство на стабильном пути развития. Как минимум, должно быть три партии», - сказал спикер.

Возврат к существовавшей ранее избирательной системе, когда часть депутатов Мажилиса избирается по одномандатным округам, а часть – по партийным спискам, считает правильным независимый юрист Е. Оспанов.

«Данная поправка позволила бы повысить статус депутатов, их «узнаваемость» в народе, а также создать реальный механизм взаимодействия народа и народных избранников», - поддерживает его Марат Башимов.

Площадка позволила определить критерии для оценки результативности и эффективности предложенных изменений конституционных реформ.

**Прогрессивный формат мероприятия создал атмосферу, способствующую открытому диалогу между государством и обществом - дальнейшее развитие и адаптация государства не должны происходить без участия граждан страны.**

## ЦИФРОВОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ "КАЗАХСТАН - СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ"



В рамках реализации 4-го направления «Идентичность и единство» Плана нации «100 конкретных шагов» Министерством иностранных дел Республики Казахстан разработан и представлен новый уникальный продукт в области цифровых технологий – цифровое приложение «Казахстан – страна Великой степи».

Данный проект является исполнением

прямого поручения Главы государства в рамках шага 87 по созданию масштабного интернет - проекта «Энциклопедия Казахстана» с главной целью помочь каждому гражданину и иностранному туристу больше узнать о стране. Приложение является цифровой энциклопедией, охватывающей широкий набор тем и состоит из 10 разделов: география, история, общество, культура, государство, международные отношения, экономика, туризм, Астана и ЭКСПО – 2017. Проект реализован на трех языках – казахском, русском и английском. Приложение содержит 68 глав, каждая из которых имеет

собственную фотогалерею.

Приложение может быть установлено на различные виды устройств (мобильные телефоны, планшеты, ноутбуки, стационарные компьютеры). Учитывая высокий патриотический потенциал проекта и его значимость электронная версия Приложения «Казахстан – страна Великой степи» установлена в Центральной районной библиотеке. Для читателей библиотеки проведена Презентация, на которой шла речь о возможностях Приложения. Для них прошла демонстрация панорамных фотографий, видеороликов, знакомство с различными темами из разделов. Данный проект вызвал интерес у читателей. Особенно им заинтересовались старшеклассники и студенты других учебных заведений. Интересен проект и

### Исполняя поручения Президента

для читателей старшего возраста. Цифровое приложение «Казахстан – страна Великой степи» - это уникальная возможность для всех желающих узнать как можно больше нового о нашей стране, открыть для себя новые факты и события о развитии Казахстана, планах на будущее.

Данное Приложение окажет большую помощь читателям с поиском материала на любую тему. Проект интересен тем, что он будет полезен для широких кругов читателей, особенно для учащихся.

ОВП, КиРЯ г.Приозерск  
по материалам

<http://arshalychs.info/discussion/99/cifrovoe-prilozhenie-kazahstan-strana-velikoy-stepi>

### Остерегайтесь деструктивных течений!

## СЕМИРАН-ВСТРЕЧА «ДІНІНДІ САҚТА, САЛТЫҢДЫ САТПА!»

24 февраля в рамках выполнения проекта «Организация семинара и встречи «Дінін ді сақта, салтыңды сапта!» КГУ «Молодёжный ресурсный центр города Приозерск», ОО «Центр Религиоведческо-Психологическо-Правовой Консультации» был проведен ряд мероприятий, направленных на повышение религиозной грамотности молодежи региона. Также во встречах и семинарах принял участие инспектор КГУ «Центр изучения и анализа проблем межконфессиональных отношений Карагандинской области Управления по делам религий Карагандинской области», имеющий теологическое образование Е. Бедеров.

Семинары проходили в средних образо-

вательных школах г.Приозерск № 1 и № 2, а также в здании городского архива. Целевой аудиторией выступили, как непосредственно дети и подростки, так и представители педагогической общественности, психологи, социальные педагоги, сотрудники правоохранительных органов. В ходе семинаров специалисты центра и исламовед Бедеров ознакомили участников с общей религиозной ситуацией, с ее плюсами в частности, и уникальной казахстанской моделью толерантности, а также с минусами практической составляющей.

Так например последние годы большинство видных казахстанских экспертов в области безопасности личности и общества

констатируют тот факт, что молодежь благодаря интернету попадает под влияние различных деструктивных течений, несвязанных между собой ни идеологией ни целями и задачами, однако применяющими схожие техники психологического воздействия. Диапазон деструктивного влияния может быть широк и проистекать от вербовки в исламистские теоретические формирования Ближнего Востока, до собственноречивого говоря доморожденных, но от этого не менее опасных так называемых «групп



смерти» по типу «Синего кита» и «Тихого дома».

КГУ «Молодёжный ресурсный центр города Приозерск»





1 - НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

«АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ» АТАЛЫП ӨТТІ

Өткен сәрсенбі күні қалалық «Достық» орталығында 1-наурыз – Алғыс айту күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Оған қала тұрғындары, мекемелер, кәсіпорындар, жастар мен қоғамдық ұйымдар өкілдері және қала қонақтары қатысты. Жүргізушілердің 1-наурыз – Алғыс айту күнінің тарихына



байланысты деректерінен, Елбасының осы датаға орай айтқан ой-пікірлерінен және мерекелік шараға байланысты арнауларынан соң сахнадағы ауқымды экран арқылы зұлмат замандарда Қазақстанда тұрған өзге



ұлттар өкілдерінен құралған қоғам, ғылым-білім, мәдениет қайраткерлері мен жастар тарапынан қазақ ұлтына арналған құттықтаулары мен алғыс, рахметтері көрсетілді. Шынайы жүректен шыққан ыстық ықыластар салтанатты жиын қатысушыларын бейжай қалдырмай, қол шапалақтаулармен қоса отырды.

Сөзге кезегі қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге беріліп, ол жиын қатысушылары мен қала тұрғындарын маңызды мерекелерімен құттықтады. Бұдан әрі славян халықтарының «Исток» этно-мәдени қоғамдық бірлестігінің мүшесі Ирина Николаевна Касимкина, неміс диаспорасының өкілі Ольга Александровна Кузнецова және «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаты Нұрғали Қы-

дырмұратұлы Қарабековтер құттықтау сөзге шығып, өздерінің жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Арнайы құттықтаулардан соң қоғамдық ұйымдар мүшелерінің және қала өнерпаздарының ұйымдастыруымен шағын концерт көрсетілді. Мерекелік концерт шымылдығы Әсет Жолдасбаевтың «Қазағым, жаса» әнімен ашылып, «Достық» орталығының «Вдохновение» би тобы «Хорезмские мотивы» биін шебер орындап шықты. Сүлеймен Жолыбаевтың сүйемелдеуімен қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері Алла Александровна Романчук пен Людмила Алексеевна Филиповалар шырқаған украин әні «Семеркоға» көрермендер ризашылықпен қол соқты. Ардагерлер кеңесі жанынан ұйымдасқан «Алтын күз» хорының мүшелері С.Жолдыбаевтың сүйемелдеуінде Жексенқұл Бұлбаеваның шырқауында «Туған

жер» әнін нәшіне келтіре орындап, көпшілік қошеметіне бөленді. «Жұлдыз» би тобы орыстың халық әні «Калинкамен» сахнаға шықты. Шағын концертті қалаға танымал әнші Бахытжан Сайырманов шырқаған «Қазақстаным» әні қортындылады. Салтанатты жиыннан оған қатысушылар көтеріңкі көңіл-күймен қайтты.

Н.ӨТЕП.

Суреттерде: жиыннан көріністер. Суреттерді түсірген: Б.КЕНЖЕБЕКОВ



1 марта – День благодарности

ПРАЗДНИК В «ИСТОКЕ»



В прошлую среду, в здании центра

детского и юношеского творчества «Достық» состоялся праздник в честь Дня благодарности, который был организован этно-культурным объединением славянских народов «Исток».

На праздник были приглашены руководители учреждений и организаций города, члены этно-культурных объединений города. Все приглашенные были угощены национальными блюдами славянских народов, а также других народов и национальностей, проживающих в нашей необъятной Родине.

Присутствующих поздравил аким города Камзин Кайрат Амангелдиевич. Далее вниманию приглашенных была представлена праздничная концертная программа.

Б. Алшынбекулы

Праздник блинов

МАСЛЕНИЦА ПРОГОНЯЕТ ЗИМУ И ЗАЗЫВАЕТ ВЕСНУ

В субботу 25 февраля, на площади перед зданием центра детского и юношеского творчества «Достық» состоялось общегородское культурно-массовое мероприятие, посвященное празднику Масленица.

Не смотря на холод, горожане с энтузиазмом и хорошим настроением отметили праздник. Концертная программа была насыщена песнями и плясками, различными конкурсами и хороводами - обязательное действо народного ликования.

Масленица — это яркое веселое торжество, которое призвано прогонять зиму и звать весну, пробуждающую природу и

солнечное тепло. Люди с давних времен сравнивали весну с новой жизнью, прославляли Солнце, которое давало настроение и счастье всему живому. Именно в честь солнца хозяйки пекли сладкие лепешки, а позже из заваренного теста научились делать блины.

Участники праздника и все приглашенные гости и зрители отведали славных, румяных блинов со сметаной, а также различных блюд, приготовленными сотрудниками городских организаций и учреждений.

Б. Алшынбекулы

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2016 ЖЫЛДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ 2017 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2016 жылы – 34 өтініштер түсті, қарастыру нәтижесі бойынша 34 өтініш қанағаттандырылды.

2016 жылы жер учаскелерін бөлу жөніндегі 18 комиссия отырысы өткізіліп, 195 заңды және жеке тұлғалардың өтініштері қаралды, оның ішінде: 193 өтініш қанағаттандырылды, 2 өтініш бойынша жер учаскелерін беруден бас тартылды.

**Мемлекеттік қызмет көрсету аясында.** 2016 жылы 416 мемлекеттік қызмет көрсетілді, көрсетілген мемлекеттік қызмет туралы ақпарат бөлімінің веб-сайтында [www.zherarh-priozersk.gov.kz](http://www.zherarh-priozersk.gov.kz) және ақпарат тақтасында орналастырылған. Ұсыныс журналы және ұсыныс шағым туралы өтініш қалдыратын жәшік қолжетімді жерде орналастырылған.

**Бюджеттік түсім бойынша.** 2016 жылы жер учаскелерін пайдалану бойынша қалалық бюджетке 12 317 мың теңге түсті, жоспар бойынша – 11 519 мың теңге, немесе 107% орындалып, 2015 жылмен салыстырғанда 15% (10 755 мың теңгеге) көп.

**Анықтама:** 2016 жылы «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-мен жасалынған келісім шарттар:

31 келісім шарт жер учаскесін сату-сатып-алу бойынша – 6 759 мың теңген;

100 келісім шарт жер учаскесін жалға алу бойынша – 1 806 мың теңге;

16 келісім шарт жер учаскесінің жалға алу құқығын сату-сатып-алу бойынша – 1 500 мың теңге.

Барлық сома – 10 065 мың теңге.

15 келісім шарт жер учаскесін өтеусіз негізде жалға алу бойынша.

Жеке тұрғын үй құрылысы. 2016 жылы жеке

тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алу үшін арнайы есепке 306 азамат қойылған.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін бөлу бойынша арнайы кезек «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің және әкім аппаратының веб-сайтында және бөлімнің ақпарат тақтасында орнатылған.

Қала тұрғындарына 30 үй салуға мүмкіндік беретін Панфилов көшесінде көлемі 5 га жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін алаң дайындалды. Аталған жер учаскелер ағымдағы жылдан бастап берілетін болады.

«Қарағанды облысының жердің пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ-мен өз ара әрекеттесу жер учаскелерін өз еркімен емденуді болдырмау мақсатында жұмыс белсенді жүргізілуде.

Жұмыс барысында темір гараждарды, дүңгіршектерді, құрылыстарды орнату жолымен 7 мемлекет жерін өз еркімен емденген деректері анықталды. Бүгінгі таңда аталған бұзушылықтар толығымен жойылды.

Мемлекет жерін өз еркімен емдену деректерін болдырмау мақсатында бөлімнің веб-сайтында жер учаскелерін өз еркімен емдену деректері туралы хаттарды және суреттерді қалдыруды қарастыратын «Жер заңды негізде – Земля по закону» арнайы бөлім орнатылған. Ағымдағы кезеңде хаттар мен суреттер түскен жоқ.

Талап арыз беру бойынша. ҚР Жер кодексінің 81, 82 баптарына сәйкес барлық көлемі 0,9 га 10 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы игерілмеген жерлердің алып қою және айналымына қосу туралы. Приозерск қаласы бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы, ауыл шаруашылық айналымына қосылған жерлерді түгелдеу

жұмыстары 2014 жылдың 14 шілдесінде жүргізіліп, көлемі 563 га ауыл шаруашылығы жерлері анықталды, игерілмеген жерлер жоқ.

2014-2017 жылдарға Қарағанды облысы Приозерск қаласында жерді ұтымды пайдалану бойынша Жоспар бекітілді.

2016 жылғы 17 ақпандағы № 50/40 «Приозерск қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірінші жағдай туралы» және 2016 жылғы 21 маусымдағы № 3/29 «Приозерск қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін жоғарылату туралы» Приозерск қалалық мәслихатының шешімі қабылданды.

Құрылысы аяқталған 5 бизнес нысаны іске қосылды.

**Анықтама:** -ЖК Абдимуталипов Ж.Л., Пушкин көшесі 15 мекенжайында орналасқан мүлдіктік кешен (05.01.2016ж.);

-ЖК Қонысбекова Г.А., Б. Момышұлы көшесі 8 мекенжайында орналасқан көліккешені (19.01.2016ж.);

-ЖК Султанов Б.А., Алматы-Астана тас жолының 492 шақырымында орналасқан асхана (20.04.2016ж.);

-ҚР ҚМ нысаны- Совет Армия бульварындағы парк аймағының құрылысы (01.06.2016);

-ЖК Архабаева Ж., Пушкин көшесі 18/1 мекенжайында орналасқан әлеуметтік дәріхана.

Қала аумағында салынып жатқан объектілерге мониторинг жүргізу. 6 нысаның ішінен, құрылыс жүргізуге рұқсаттары жоқ 4 нысан анықталды. Аталған деректер бойынша құжаттар шара қолдану үшін Қарағанды облысының сәулет-құрылыс мемлекеттік бақылау басқармасына

Өткен жылғы жұмыстар сараланды

жолданды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 2 нысанға әкімшілік жаза түрінде айыппұл қолданды, 1 нысанға қатысты тексеру тоқтатылды, 1 нысан бойынша қарастыру жұмыстары жүргізілуде. 2016 жылы өздігінен құрылыс жүргізу деректері анықталмаған.

Құрылыс нормалары мен ережелеріне сай емес пандустар орнатқан немесе пандустары жоқ объектілерді пайдалану фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізу.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңының 25 бабының талаптарына сәйкес, 2016 жылы барлығы 29 әлеуметтік нысанға тексеріс жүргізілді. Оның ішінде 23 нысанғы пандус құрылысы орнатылған. 6 нысанда пандусы жоқ. құрылыс ережелеріне сай емес нысандарға мүгедектердің еркін кіріп-шығуына жағдай жасау мерзімдері қойылып, нұсқама берілді.

2016 жылғы құрылыс мақсаттары үшін берілген жер учаскелеріне және құрылыс нысандарға 51 реттік нөмір берілді

Жоспарға сәйкес «Приозерск қаласының жұмыспен қамту бөлімі» ММ-мен бірлесіп, 2016 жылдың өткен кезеңіне қаланың 5 нысанына паспорттау жүргізілді. Жұмыс 100% орындалды.

2017 жылға жоспар қаланың шекарасын белгілеу жұмыстары нұйымдастыру; келісім шартта көрсетілген талаптардың орындалуын күшейту;

жер заңнамасын бұза отырып, өз еркімен емденген жер учаскелерін, мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін мақсаты бойынша игермеген және басқа мақсатта игеруді анықтау бойынша жұмыстарды күшейту;

қала аумағында салынып жатқан және іске қосылған объектілердің мониторингін жүргізу;

құрылыс нормалары мен ережелеріне сай емес пандустар орнатқан немесе пандустары жоқ әлеуметтік объектілерді пайдалану фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізу.



## НЕСИЕГЕ ЖАЙЛЫ ӨМІР

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жүзеге асыратын Қазақстандағы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі тұрғын үй жағдайын жақсартудың ең тиімді тәсілі деп танылып отыр.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі – бүгінде табысының көлеміне қарамастан клиенттерге бағытталған еліміздегі жалғыз қаржы институты. Депозитінде кем дегенде 3 жыл қаражат жинаған Банк салымшылары ҚТҚЖБ-дан еліміздегі ең төмен сыйақы мөлшерлемесімен – жылдық 3,5%-дан 5%-ға дейін тұрғын үй заемдарын ала алады. Мұндай талаптар басқа еш жерде жоқ. Мемлекеттің де сыйақысын басқа еш жерден көрмейсіз. Банктің сыйақысынан бөлек, салымшылардың депозитіне жыл сайын мемлекет сыйлықақысы аударылады. Жинақтала келе, бұл депозиттердің табысты болуына ықпал етеді. Оның тиімді мөлшерлемесі 12,6%-ға дейін жетеді.

Тұрғын үй заемы – бұл тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің негізгі өнімі. Ол кейінірек заем ала отырып, бірнеше жыл бойы қаражат жинауды қалайтын клиенттерге арналған.

Тұрғын үй құнының 50%- қолында бар, бүгін пәтер сатып алғысы келетін азаматтарға банк аралық тұрғын үй заемын алуды ұсынады. Бұл – қаражат жинақтауға уақыты жетпейтін клиенттерге арналған тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің қосымша элементі. Аралық тұрғын үй заемы жылдық 7,5%-дан 8,5%-ға дейінгі мөлшерлеменен беріледі.

Сонымен қатар, салымшы қолындағы қаражаттың депозитке салады, ал банк болса, қажетті соманың 100% көлемінде оған заем береді. Заемның бұл талабы «Тұрғын үй

құрылыс жинақ туралы» Заңда көрсетілген. Үш жыл ішінде салымшының ақшасы жинақтау шотында тұрады. Оған банктің 2% сыйақысынан бөлек, мемлекеттің 20% сыйлықақысы есептелініп қосылады. Депозитте жатқан қаражат үш жылдан соң негізгі қарызды өтеу шотына аударылады. Қалға сомаға пайыздық мөлшерлеме 3,5% - 5%-ға дейін төмендейді.

Бұл бүгінгі күні еліміздегі кредитке баспана сатып алудың ең қолжетімді тегігі болып отыр.

Банк клиенттері пәтер, үй алуға, жер телімін сатып алуға және жекеменшік үй салуға, тіпті үй жөндеуге де заем ала алады. Сондай-ақ Банктің тарифтік бағдарламалары табысының қандай екеніне қарамастан кез келген клиентке қолайлы. Заем отбасыға ауыр салмақ түсірмейтіндей етіп, әр клиентке жеке есеп жасауға болады, – деп түсіндірді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің Қарағанды облыстық филиалының бизнесті дамыту бөлімінің 1-ші сыныпты маманы **Сыздықов Серік**. Филиал басшысы ҚТҚЖБ-ның мөлшерлемелерінің нәтижесінде төмен екенін де тілге тиек етті: «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі – әлеуметтік қызмет атқаратын, жүз пайыз мемлекеттік қаржы институты. Біздің басты мақсатымыз – пайда табу емес, азаматтарды тиімді талаптар арқылы тұрғын үймен қамтамасыз ету».

Мекен жайымыз: Киевка кенті, С.Сейфуллин көшесі, 34 үйі (ауылшаруа-шылық басқармасы ғимараттыңда).

Анықтама телефоны: **8 702 254 31 21-Аринова Гульдерай Ораловна.**

**ТҮҚЖБ**  
Қарағанды филиалы

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛДЫ

Приозерск қалалық сотының шешімімен Қарағанды облыстық ҚАЖД Ақтоғай аудандық және Приозерск қалалық пробация қызметінен «ҚР тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына орай рақымшылық жариялау туралы» ҚР 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 27-VI ҚР Заңының 2-бабы 3-бөлімінің 2-тармағының негізінде, сотталған тұлғаларды жазасын әрі қарай өтеуден босату туралы ұсынысы бойынша 8 тұлға жазасын әрі қарай өтеуден босатылды. Ал осы заңның 4-бабының 1-тармағымен жаза мерзімінің өтелмеген бөлігін қысқарту туралы 3 тұлғаға қатысты ұсыныс қаралып, қанағаттандырылды.

Приозерск қаласының жеке сот орындаушысының «ҚР тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына орай рақымшылық жариялау туралы» ҚР 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 27-VI ҚР Заңының 2-бабы 3-бөлімінің 2-тармағының негізінде, сотталған тұлғаларды жазасын әрі қарай өтеуден босату туралы ұсынысы бойынша 8 тұлға жазасын әрі қарай өтеуден босатылды. Ал осы заңның 4-бабының 1-тармағымен жаза мерзімінің өтелмеген бөлігін қысқарту туралы 3 тұлғаға қатысты ұсыныс қаралып, қанағаттандырылды.

Приозерск қаласының жеке сот орындаушысының «ҚР тәуелсіздігінің жиырма бес

Система жилстройсбережений, которую в Казахстане реализует Жилстройсбербанк, признана самым эффективным способом улучшения жилищных условий.

Жилстройсбербанк на сегодня – единственный в нашей стране финансовый институт, ориентированный на клиентов с доходом любой величины. Вкладчики банка, кто собирает средства на депозите не менее 3 лет, могут рассчитывать на жилищные займы от ЖССБК по самым низким в стране ставкам вознаграждения – от 3,5% до 5% годовых. Таких условий больше нет нигде. Как и нет премии государства. Ведь кроме вознаграждения банка на депозит вкладчиков ежегодно перечисляется еще государственная премия. В совокупности все это отражается на доходности депозитов, эффективная ставка по которому может достигать 12,6%.

Жилищный заем – это основной продукт системы жилстройсбережений, рассчитан он на клиентов, которые предпочитают в течение нескольких лет накапливать часть суммы с последующим получением займа.

Тем гражданам, которым заем на покупку жилья нужен уже сегодня и у них есть 50% от стоимости жилья, банк предлагает воспользоваться промежуточным жилищным займом. Это дополнительный элемент системы жилстройсбережений для клиентов, не имеющих достаточного времени на накопление. Промежуточные жилищные займы предоставляются по ставке от 7,5% до 8,5% годовых.

При этом, уже имеющиеся средства вкладчик кладет на депозит, а банк предоставляет ему заем в размере 100% от необходимой суммы. Эти условия займа прописаны в законе «О жилстройсбережениях».

В течение трех лет деньги вкладчика находятся на сберегательном счете, и на них, кроме 2% вознаграждения банка начисляется еще и 20% премия государства. Важно знать, что через три года сумма, находящаяся на депозите, идет в счет погашения основного долга, а на оставшуюся сумму процентная ставка понижается до 3,5% - 5%.

На сегодняшний день это самые доступные механизмы покупки жилья в кредит в нашей стране.

Клиенты банка могут взять заем на приобретение квартиры, дома, на покупку участка под ИЖС и строительство собственного дома и даже на ремонт. При этом, тарифные программы банка подойдут любому клиенту, как со средним, ниже среднего, так и с высоким уровнем дохода. Для каждого клиента можно персонально сделать расчет, так, чтобы заем не стал тяжелой обузой для семьи, – пояснил специалист 1-ой категории отдела развития бизнеса Карагандинского областного филиала Жилстройсбербанка **Серик Сыздықов**.

Так же глава филиала пояснила, почему у ЖССБК такие низкие ставки, – Жилстройсбербанк – финансовый институт со стопроцентным государственным участием, выполняющий социальную функцию. И наша главная цель – не получение прибыли, а обеспечение граждан жильем на выгодных для них условиях.

Адрес расположения: п.Киевка ул. С.Сейфуллина д. 34 (здание сельхозуправления). Телефон для справок: **8 702 254 31 21 - Аринова Гульдерай Ораловна.**

**Карагандинский филиал**  
**ЖССБ**

### Жаза басқандарға жеңілдік

рық айлық есептік көрсеткіші) 84840 (сексен төрт мың сегіз жүз қырық) теңгенің мүгедектігі үшін берілетін зейнетақысынан өндірілген 18030 (он сегіз мың отыз) теңгеден қалған 66810 (алпыс алты мың сегізжүз он) теңге айыппұлды төлеуден босату туралы ұсынысы қаралып, қанағаттандырылды.

**С.К. Еркемова,**  
*Приозерск қалалық соты*  
*кеңесінің бас маманы*

### Будни городского суда

## ПО ПРАВИЛАМ УПРОЩЕННОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Гражданские дела в порядке упрощенного производства рассматриваются судом по общим правилам искового производства, предусмотренным Гражданским процессуальным кодексом РК, с особенностями, установленными главой 13 рассматриваются судьей единолично в месячный срок со дня принятия заявления к производству. Исходя из общих правил искового производства, при поступлении искового заявления в суд в пятидневный срок со дня его поступления судьей решаются вопросы о принятии его к производству и о порядке рассмотрения дела. В случае, если в иске заявлены требования о взыскании денег, размер которых не превышает для юридических лиц пятисот месячных расчетных показателей, для индивидуальных предпринимателей, физических лиц ста месячных показателей, либо если исковые требования, независимо от цены иск, основаны на документах, устанавливающих денежные обязательства ответчика (или) на документах, подтверждающих задолженность

по договору, то оно подлежит рассмотрению судом в упрощенном порядке.

Внедрение в законодательство данного института, безусловно, является необходимым и целесообразным шагом на пути совершенствования судебно-правовой реформы, направленным на значительное сокращение сроков рассмотрения дел, обжалования решения суда, снижение уровня нагрузки для суда, достижение эффективного способа разрешения спора в сфере договорных правонарушений без вызова сторон в суд, что значительно уменьшает судебные расходы сторон.

Учитывая, что предварительное судебное заседание по делам вышеназванной категории не проводится, это требует от лиц, обращающихся в суд, более внимательно относиться к составлению самого искового заявления и к тем документам, которые к нему прикладываются. Так как дела в порядке упрощенного производства рассматриваются судьей единолично, без вызова сторон, по истечении срока

(пятнадцать рабочих дней) для представления отзыва (возражения), и в законодательном порядке специально не оговорено право суда о рассмотрении дел по представленным в суд копии документов, то возникают определенные затруднения при оценке таких доказательств, в порядке предусмотренном ст.146 ГПК РК, части их достоверности.

В этой связи истцам следует прикладывать оригиналы документов, устанавливающих денежные обязательства и документы, подтверждающие задолженность по договору, либо надлежащие удостоверенные их копии. При этом граждане и юридические лица должны знать, что стороны вправе представить в суд, рассматривающий дело, и направить друг другу документы, содержащие объяснения по существу заявленных требований и возражений в обоснование своей позиции, в установленный судом срок. Такие документы не должны содержать ссылки на доказательства, которые не были раскрыты в установленный судом срок.

Если отзыв на исковое заявление, отзыв на заявление, доказательства и иные документы поступили в суд по истечении установленного судом срока, они не рассматриваются и возвращаются лицами, их подавшим, за исключением случая, если эти лица обосновали невозможность представления указанных доку-

ментов в установленный срок по причинам, не зависящим от них. О возвращении указанных документов суд выносит определение. Суд исследует изложенные в представленных сторонами документах объяснения, возражения и (или) доводы лиц, участвующих в деле, принимает решение на основании доказательств, представленных в течение указанных сроков. Решение о результатах рассмотрения дела в порядке упрощенного производства может быть обжаловано, опротестовано в суд апелляционной инстанции в срок, не превышающий месячный срок со дня его принятия.

Знание и применение изложенных правил будет служить укреплению стабильности в обществе и достижению наиболее быстрого и эффективного разрешения спора.

В Приозерском городском суде данная глава применяется активно, что упрощает порядок рассмотрения дела и сокращает время рассмотрения таких дел.

**Э.А. Жакупова,**  
*ведущий специалист Приозерского*  
*городского суда*

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д. 5-107.  
**Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)**  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 09/497. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**  
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.